# Болашаққа батыл қадам

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісугеТәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», деп айтқан еді.

Бұл күндері қоғамда қызу талқыланып жатқан ең негізгі мәселенің бірі – латын әліпбиіне көшу жайы. Елдің келешегі жазумен тығыз байланысты болған соң, қоғамның кез келген азаматы бұған бейжай қарамайтыны түсінікті де. Еліміздің латын әліпбиіне көшу мәселесі - ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Бүгінде бұл мәселе қоғамда қызу талқыға айналды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған латын әліпбиіне көшу жайында Шахтер ауылының кітапханасында әкімшілік мамандар ой салысты. Латын әліпбиіне қөшу – болашаққа батыл қадам жасап, елімізді



төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі. Сонымен қатар, тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шара. Тәуелсіз елдің негізгі белестерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор.

*«Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес».*

*Нұрсұлтан Назарбаев.*

**Г.Т. Курманова**
**Шахтер ауылының кітапханашысы**